


«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИЯЛОГИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ ҚЫЗЫЛОРДА
ОБЛЫСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА САНИТАРНО-
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

ҚАУЛЫСЫ

«13» сәуір 2021 ж.

Қызылорда қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 8

город Кызылорда

Қызылорда облысы бойынша шектеу, оның ішінде карантиндік шаралары туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 104-бабының 2-тармақшасына сәйкес Қызылорда облысы халқы арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының (бұдан әрі – COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Барлық денгейдегі әкімдіктерге, аумақтық мемлекеттік органдарға, «Атамекен» өнірлік кәсіпкерлер палатасына, «КТЖ-Жұқ тасымалы» акционерлік қоғамы филиалының «ГП Қызылордалық бөлімшесіне», құқық қорғау мен арнайы органдарға:

Тыйым салу:

1) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 110-бабының 5-тармағына сәйкес кальянды пайдалануға;

2) ойын-сауық іс-шараларын, көрмелерді, форумдарды, конференцияларды, сондай-ақ отбасылық, салтанатты, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, еске алу, «ауыз ашар», т.б.), оның ішінде үйде және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды өткізуге;

3) банкет залдарының жұмысына;

4) букмекерлік кеңселердің қызметіне;

5) бильярд, боулинг, компьютерлік клубтардың, түнгі және ойын клубтарының, караокенің қызметіне;

6) балаларды сауықтыру лагерлерінің қызметіне;

7) мерекелік корпоративтерді ұйымдастыру мен өткізуге;

8) балалардың ойын-сауық орталықтарының (жабық үй жайлардағы ойын алаңдары мен аттракциондар) жұмысына;

9) көрермендермен спорттық іс шараларды өткізуге.

Қазақстан Республикасының және облыстың Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қолданыстағы Қаулы талаптарына сәйкес, қүшайтілген санитарлық-дезинфекциялық режиммен рұқсат берілсін:

- 10) балалар мен ересектердің білім беру орталықтарының жұмысы топты 15 адамнан артық толтырмagan кезде, алдын алу жазылу бойынша;
- 11) қоғамдық көлік жұмысына (қарбалас уақытта автобустар санын көбейту, барлық есіктерді ашу, отыратын орындар саны бойынша толтырумен);
- 12) банктер, ХҚКО, «Қазпочта» АҚ бөлімшелері жұмысына уақыт бойынша шектеумен 9.00-ден 18.00-ге дейін;
- 13) ұйымдар, оғистердің жұмыстарына 50%- күндізгі режиммен;
- 14) белгіленген талаптар сақталған жағдайда және ұжымдық іс-шараларды өткізбей діни объектілердің қызметіне;
- 15) қоғамдық тамақтану объектілеріне (үй-жайда) толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай сағат 7-ден 24-ке дейін жұмыс істеуге;
- 16) сауналар жұмысына (жексенбіден басқа);
- 17) ортақ вагондарды жасақтауды болдырмай қала маңындағы жолаушылар поездарының қозғалысына;
- 18) ортақ вагондарды жасақтауды болдырмай жолаушылар поездарының қозғалысына;
- 19) 30 адамға дейін мәдениет объектілерінің жұмысына (дайындық);
- 20) толтырылуын 20%-дан артық емес етіп театрлар, кинотеатрлар, концерт залдарының жұмысына;

Қазақстан Республикасының және облыстың Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қолданыстағы Қаулы талаптарына сәйкес, күшайтілген санитарлық-дезинфекциялық режиммен жалғастырылсын:

- 21) облыстың барлық аймақтарында:
 - контингенті 300 оқушыға дейін қалалық және ауылдық мектептерде сиынштардағы балалар санын 25 адамнан асырмай дәстүрлі форматта оқыту;
 - білім беру үйімі әкімшілігінің шешімі бойынша сабактан тыс уақытта 15 адамнан аспайтын топтарда оқушыларды жеке оқыту;
- 22) тәуекелі төмен және орташа аймақтарда (жасыл және сары аймақтар) орналасқан өнірлердегі жалпы білім беретін мектептерде барлық сиынштардың оқушылары үшін сиынштардағы балалар санын 25 адамнан асырмай аралас форматта оқыту;
- 23) колледждер мен жоғары оқу орындарының I курс студенттері үшін штаттық оқытуды;
- 24) балалардың түзету кабинеттерінің жұмысына;
- 25) алдын ала жазылу бойынша стоматология, медициналық орталықтар, кабинеттер жұмысына;
- 26) толтырылуы 75%, бірақ 15 адамнан артық емес етіп облысаралық тұрақты емес (туристік) тасымалдардың жұмысына;
- 27) толтырылуы 75%, бірақ 15 адамнан артық емес етіп қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдардың жұмысына;
- 28) Ұлттық құрама, клуб командалары үшін спорттық жаттығулар (30 адамнан артық емес, байланыссыз термометрия, спорт базаларында тұру);
- 29) қоғамдық көлікке, таксиге, әуежайларға, ауладағы балалар аландарына, азық-түлік және азық-түлік емес базарларға және басқа да қоғамдық орындарға санитариялық және дезинфекциялық өндідеу жүргізу;

30) маска режимін және кемінде 2 метр қашықтықты сақтай отырып, 15 адамнан аспайтын жеке және ұйымдастын топтар үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға (мемлекеттік ұлттық табиғи парктерге, қорықтарға, резерваттарға және басқаларға) бару;

31) осы Қаулыға 3-қосымшаға сәйкес алгоритмді сақтай отырып, кеңестерді (отырыстарды) көзбе-көз режимде өткізу (оларды қашықтықтан өткізу мүмкіндігі болмаған кезде);

32) арнайы, мамандандырылған ұйымдардың, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттардың (оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға арналған), жалпы ұлгідегі мектеп-интернаттардың, дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың қызметі;

33) бір мезгілде 30 адамнан асырмай жинақтай отырып, күшеттілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, облыстық командаларды даярлау үшін оқу-жаттығу жиындарын өткізу;

34) кәсіби қажеттілікке байланысты Қызылорда облысының санитариялық – эпидемиологиялық бақылау департаменті және аумақтық басқармаларының (оның ішінде көліктегі), «ҰСО» облыстық филиалдың, аудандық бөлімшелердің мамандарын ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық тексерулерді жүргізу;

35) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшетту туралы» №67 Қаулысының 46-қосымшасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығымен бекітілген санитариялық қағидалардың және 2020 жылғы 28 тамыздағы енгізілген толықтырулардың талаптары сақталған кезде, білім беру ұйымдарындағы қоғамдық тамақтану объектілерінің қызметіне;

2. Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктері, Қызылорда облысының полиция департаменті, барлық аудандық, Қызылорда қаласының санитариялық – эпидемиологиялық бақылау басқармалары:

1) қызметіне рұқсат етілген объектілерде карантиндік шаралардың, санитариялық-дезинфекциялық режимнің сақталуын бақылауды қамтамасыз етсін. Бұзушылықтар анықталған жағдайда «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес әкімшілік шаралар қолданын;

2) осы Қаулының 1 және 2-қосымшаларға сәйкес қызметі шектелмеген объектілерді қоса алғанда, объектілердің қызметін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес өлшемшарттар негізінде әлеуметтік-экономикалық объектілердің қызметін шектеуді қамтамасыз етсін. Бұл ретте карантиндік шараларды күшетту эпидемиологиялық жағдай асқынған жағдайда 5 күн ішінде жүргізіледі («жасыл» аймақтан «сары» аймаққа немесе «сары» аймақтан «қызыл» аймаққа көшу), карантиндік шараларды жеңілдету «қызыл» аймақтан «сары» аймаққа немесе «сары» аймақтан «жасыл» аймаққа көшкеннен кейін 7 күннен ерте жүргізілмейді.

3. Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктері, «Атамекен» ҰКП (келісү бойынша), Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің аумақтық басқарма басшылары:

1) InfoKazakhstan.kz сайынан электрондық форматта берілетін Санитариялық нормаларға сәйкестік актісінің негізінде объектілердің қызметін қайта бастауды;

2) қоғамдық мониторинг мүмкіндігі үшін объектінің кіреберісінде Санитариялық нормаларға сәйкестік актісін көзге көрнетін жерге орналастыруды;

3) шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектілердің жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптармен танысу үшін InfoKazakhstan.kz сайтында жұмысы туралы халықты, жеке және занды тұлғаларды хабардар етуді;

4) бұзушылықтарды жою үшін кәсіпкерлердің уақтылы шаралар қабылдауы мақсатында шағымдарды және карантин режимін бұзу фактілерін орналастыру үшін InfoKazakhstan.kz сайтты пайдалануды;

5) шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектілердің жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына кәсіпкерлік субъектілерін тексеруді жүзеге асыратын инспекторлардың, аудиторлық ұйымдардың тізімін InfoKazakhstan.kz сайтына орналастыруды;

6) InfoKazakhstan.kz сайтындағы объектінің паспортына келушілердің үй-жайлардың жоспарланған толтырылуы туралы мәліметтерді кәсіпкерлік субъектісінің енгізуін (шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңіндегі объектілердің қызметіне қойылатын талаптарға сәйкес, осы қауыға қосымшаларда айқындалатын 1 адамға белгіленген алаң ескеріле отырып айқындалады және енгізіледі);

7) «InfoKazakhstan» электрондық порталының жұмысы іске қосылғаннан кейін, объектілер белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде бизнес объектілерінің қызметін қайта бастауға арналған актіні электрондық беруді қамтамасыз етсін.

4. Қызылорда қаласы және аудандардың әкімдіктері:

1) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин кезеңінде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде құрылған мониторингтік топтардың қызметін жандандыруды (кажеттігіне қарай олардың құрамы қайта қалыптастырылсын);

2) құрылған мониторингтік топтармен Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің және Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қауыларымен енгізілген шектеу іс-шараларының орындалуына мониторинг жүргізуді;

3) кемшіліктер анықталған және (немесе) COVID-19 коронавирустық инфекциясының туындау не таралу қауіпі жағдайларында қолданыстағы заңнамаларда белгіленген тәртіппен халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның тиісті аумақтағы басқармасына ақпарат (шүғыл хабарлама) берілуін қамтамасыз етуді.

5. Қызылорда облысының полиция департаменті участекілік полициялар патрульдеу кезінде жеке секторда немесе мейрамхана, кафеде мерекелік, отбасылық т.б. шаралар жүргізіліп жатқан жағдайларды жедел мониторигтік топтарға хабар беруді жүйелендіруді.

6. Меншік нысанына қарамастан жеке және занды тұлғалар Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларымен бекітілген санитариялық-эпидемиологиялық және санитариялық-дезинфекциялық ережемен, Алгоритммен қойылатын талаптарды сақтасын.

7. Қызылорда облысының денсаулық сақтау және ішкі саясат басқармалары, қала, аудан әкімдіктері коронавирусты инфекцияның профилактикасы бойынша Қызылорда облысындағы шектеу шаралары туралы әлеуметтік желілерде жадынамалар тарату, хабарландырулар, инфографика, видеороликтер, жүргіртпе жолдары арқылы жаппай түсіндірме жұмыстарының жүргізілуін қамтамасыз етуді.

8. Қызылорда облысының тұрғындары мен қонақтары эпидемиологиялық ахуал тұрақтанғанша бетперде киюге міндетті.

9. Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Қызылорда облысы бойынша шектеу, оның ішінде карантиндік шаралары туралы» 2021 жылғы 11 наурыздағы №4, «Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 11 наурыз 2021 жылғы «Қызылорда облысы бойынша шектеу, оның ішінде карантиндік шаралары туралы» №4 Қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2021 жылғы 29 наурыздағы №5 Қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

10. Осы Қаулы 1, 2, 3 және 4-қосымшалармен толықтырылсын.

11. Осы Қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

12. Осы Қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

**Қызылорда облысының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**



Д.Жанабергенова

Қызылорда облысының
Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
2021 жылғы «13» сәуірдегі
№ 8 Қаулысына
1-косымша

Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектілердің қызметін қайта бастау

№	Қызмет түрлері	Объектілерге койылатын талаптар	Объекттің іске қосу сипаты	Ескертпе
1.	Мемлекеттік органдар (ұйымдар), ұлттық компаниялар, квазимемлекеттік сектор ұйымдары, бизнес-орталықтары және басқа да кенселер	Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 67 қаулысына (бұдан әрі – № 67 БМСДҚ) 1-косымша	Хабарлама	
2.	Өнімнің бөлшек сауда объектілері, үй жанындағы дүкендер	№ 67 БМСДҚ 5-косымша	Хабарлама	
3.	Тамақ өнімдерінің көтерме және бөлшек сауда объектілері (азық-тұлік базарлары), азық-тұлік қоймалары	№ 67 БМСДҚ 5-косымша	Хабарлама	
4.	Көтерме және бөлшек сауда объектілері (азық-тұлік емес базарлары), азық-тұлік емес қоймалары	№ 67 БМСДҚ 5-косымша	Хабарлама	
5.	Сауда алаңы 2000 шаршы метрден кем болатын бөлек тұрган дүкендер, сауда желілері	№ 67 БМСДҚ 5-косымша	Хабарлама	
6.	Сауда алаңы 2000 ш.м астам болатын бөлек тұрган дүкендер, сауда желілері	№ 67 БМСДҚ 5-косымша	Хабарлама	Бару арқылы
7.	Сауда алаңы 2000 ш.м астам сауда ойын-сауық кешендері (орталықтары), сауда үйлері	№ 67 БМСДҚ 5-косымша	Хабарлама	Бару арқылы
8.	Онлайн сауда объектілері (интернет дүкендер, курьерлік қызметтер және т. б.)	№ 67 БМСДҚ 1-ксымша, 5-косымша	Хабарлама	
9.	Автосалондар, автомобильдің қосалқы бөлшектері дүкендері және	№ 67 БМСДҚ 6-косымша	Хабарлама	

№	Қызмет түрлери	Объектілерге қойылатын талаптар	Объектіні іске қосу сипаты	Ескертпе
	техникалық қызмет көрсету станциялары (вулканизация, автожуу, шиномонтаж)			
10.	Қызмет көрсету саласы объектілері (сұлулық салондары, шаштараздар, косметологиялық қызмет көрсететін объектілер (алдын ала жазылу бойынша), химиялық тазалау, кір жуу орындары, ұйымдастыру техникасын жөндеу)	№ 67 БМСДҚға 7-қосымша	Хабарлама	
11.	Фитнес қызметін көрсету бойынша объектілер, спорт кешендері	№ 67 БМСДҚ 8-қосымша	Хабарлама	
12.	Халықта қызмет көрсету (тиографиялық қызмет көрсететін объектілер, тігін ательєсі, аяқ киім шеберханалары, аяқ киім, киім жөндеу сервисі) бойынша объектілер және өзге де объектілер	№ 67 БМСДҚ 10-қосымша	Хабарлама	
13.	Халықтың тұруы бойынша қызмет көрсету саласындағы объектілер (конақүйлер, отельдер)	№ 67 қаулыға 11-қосымша	Хабарлама	
14.	Әуежайлар және теміржол вокзалдары, автовокзалдар, автостанциялар, жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің қызметі	№ 67 БМСДҚ 12-қосымша	Хабарлама	
15.	Маусымдық ауыл шаруашылығы дала жұмыстарына, табиғат қорғау, ветеринариялық, ауыл шаруашылығы, оның ішінде ара шаруашылығы іс-шараларына тартылған ұйымдар мен қызметкерлердің қызметі	№ 67 БМСДҚ 13-қосымша	Хабарлама	
16.	Мектепке дейінгі балалар ұйымдары	№ 67 БМСДҚ 14-қосымша	Хабарлама	
17.	Қызметіне рұқсат етілгенбілім беру объектілері, интернаттарды қоса алғанда	ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығымен бекітілген	Хабарлама	

№	Қызмет түрлері	Объектілерге қойылатын талаптар	Объектіні іске косу сипаты	Ескертпелер
		«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қафидаларының 10-тарауы		
18.	Білімберу объектілеріндегі қоғамдық тамақтану объектілері	№ 67 БМСДК 46-қосымша	Хабарлама	
19.	Қоғамдық көлік	№ 67 БМСДК 15-қосымша	Хабарлама	
20.	СПА, массаж салондардың, моншалардың, саunalардың қызметі	№ 67 БМСДК 16-қосымша	Хабарлама	
21.	Санаторий-курорттық мақсаттағы объектілер, демалыс үйлері, туристік базалар	№ 67 БМСДК 17-қосымша	Хабарлама	
22.	Балаларды сауықтыру лагерлері	№ 67 БМСДК 18-қосымша	Хабарлама	
23.	Білім беру, түзету орталықтарының қызметі	№ 67 БМСДК 19-қосымша	Хабарлама	
24.	Тамақ өнеркәсібі объектілері	№ 67 БМСДК 25-қосымша	Хабарлама	
25.	Қоғамдық тамақтану объектілері (білім беру объектілеріндегі тамақтануды қоспағанда)	№ 67 БМСДК 21-қосымша	Хабарлама	
26.	Ұйымдастырылған ұжымдардағы, ас блоктарындағы қоғамдық тамақтану объектілері (білім беру және тәрбиелеу ұйымдарындағы қоғамдық тамақтану объектілерін қоспағанда)	№ 67 БМСДК 21-қосымша	Хабарлама	
27.	Тамақ жеткізуіді жүзеге асыратын қоғамдық тамақтандыру объектілері	№ 67 БМСДК 22-қосымша	Хабарлама	
28.	Пенитенциарлық (қылмыстық атқару) жүйедегі мекемелері	№ 67 БМСДК 24-қосымша	Хабарлама	
29.	Өнеркәсіптік кәсіпорындар мен өндірістік объектілер, оның ішінде вахталық әдіспен жұмыс істейтіндер, қалдықтармен жұмыс істейту саласындағы объектілер	№ 67 БМСДК 25-қосымша	Хабарлама	

№	Қызмет түрлері	Объектілерге қойылатын талаптар	Объекттің іске қосу сипаты	Ескертпе
30.	Медициналық-әлеуметтік объектілер (карттар, мүгедектер үйлері, сәбілдер үйлері және басқалары)	№ 67 БМСДҚ 26-қосымша	Хабарлама	
31.	Өнеркәсіптік және индустримальық кәсіпорындар құрылыш компаниялары (құрылыш салушылар)	№ 67 БМСДҚ 28-қосымша	Хабарлама	
32.	Денсаулық сактау объектілері (стоматологиялық клиникаларды қоспағанда)	№ 67 БМСДҚ 2, 4 және 34-қосымшалар	Хабарлама	
33.	Стоматологиялық клиникалар	№ 67 БМСДҚ 29-қосымша	Хабарлама	
34.	Экскурсиялық қызметті жүзеге асыратын объектілердің кеңселері (туристердің үйимдастырылған топтары үшін экскурсиялар үйимдастыру)	№ 67 БМСДҚ 31-қосымша	Хабарлама	
35.	Зертханалар	№ 67 БМСДҚ 30 және 33-қосымша	Хабарлама	
36.	Ашық аудағы аттракциондар	№ 67 БМСДҚ 9-қосымша	Хабарлама	
37.	Қаржы нарығы объектілері	№ 67 БМСДҚ 1-қосымша	Хабарлама	
38.	Мәдениет объектілері (30 адамға дейін жеке және топтық дайындықтар), кітапханалар, музейлер, кинотеатрлар, театrlар, концерт залдары, цирктер	№ 67 БМСДҚ 9-қосымша	Хабарлама	
39.	Діни объектілер	№ 67 БМСДҚ 20-қосымша	Хабарлама	
40.	Бассейндер (1 адамға су айдынының 5 ш.м. есептегенде)	№ 67 БМСДҚ 16-қосымша	Хабарлама	
41.	Ерекше қорғалатын табиғи аумактар (мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, корықтар, резерваттар және басқалар)	№ 67 БМСДҚ 38-қосымша	Хабарлама	
42.	Боулинг, бильярд	№ 67 БМСДҚ 39-қосымша	Хабарлама	

№	Қызмет түрлері	Объектілерге қойылатын талаптар	Объектіні іске қосу сипаты	Ескертпе
43	Компьютерлік клубтар	№ 67 БМСДҚ 39-қосымша	Хабарлама	
44	Ойын-сауық орталықтары	№ 67 БМСДҚ 5, 45-қосымшалар	Хабарлама	

Қызылорда облысының
Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
2021 жылғы «13» сәуірдегі
№ 8 Қаулысына
2-косымша

2021 жылғы «_____» объектінің дайындығын бағалау акті

Біз, мониторинг тобы құрамында:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

(мамандардың T. A. Ә. және лауазымын көрсету)

2021 жылғы «____» 2021 Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің қаулысының талаптарына, сондай-ак

talaptaryna
сәйкестігіне объектінің _____ аумағында карантин
кезеңінде қызметті жүзеге асыруға дайындығына бағалау жүргіздік.

Мыналар анықталды: Объекті карантин кезеңінде қызметті қайта бастауға дайын (дайын емес) (қажеттісінің астын сызу):

Анықталған бұзушылықтар _____

Кол қою:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

Infokazakhstan.kz сайтында орналастырылған COVID-19 бойынша шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектінің қызметіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптармен таныстым және орындауға міндеттенемін _____ (басишиның T. A. Ә. және қолы)

Қызылорда облысының
Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
2021 жылғы «13» сәуірдегі
№ 8 Қаулысына
3-косымша

Кенестерді (отырыстарды) көзбе-көз режимде өткізу алгоритмі

Кенестерді (отырыстарды) көзбе-көз режимде өткізу кезіндегі COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында мынадай шаралардың сакталуын қамтамасыз ету қажет:

1. Үй-жайларда ауаны желдету/аяу баптау жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуі.
2. Гимаратқа кіреберісте барлық кіретін адамдарға байланыссыз термометрия жүргізу, холлдарда антисептикалық құралы бар санитайзерлер орнату және кенестерге (отырыстарға) қатысушылардың қолды антисептикалық құралдармен өндөреудің бақылау.
3. Кенестерге (отырыстарға) қатысушыларды залда әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып отырғызу.
4. Көзбе-көз кенестерге (отырыстарға) қатысушыларға қойылатын талаптар:
 - 1) кенеске (отырысқа) дейін кемінде 3 тәулік бұрын алынған КВИ-ға ПТР әдісімен тестілеудің теріс нәтижесінің болуы;
 - 2) отырыс (кенес) өткізілетін үй-жайда болған барлық кезең ішінде медициналық масканы пайдалану;
 - 3) әлеуметтік қашықтықты сақтау;
 - 4) қол алдында немесе тікелей байланыстың басқа да нысандарын болдырмау.
5. Сөз сөйлеу ұзақтығы 30 минуттан артық болғанда және қатысушылардың бірінші қатарынан кемінде 3 метр қашықтықта болғанда спикерлерге қорғау құралдарын пайдаланбай сөйлеуге жол беріледі.

Қызылорда облысының
Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
2021 жылғы «13» сәуірдегі
№ 8 Қаулысина
4-қосымша

Әлеуметтік-экономикалық объектілердің жұмысын шектеу өлшемшарттары

№	Объектілер/салалар	Сары аймак
1	Өнеркәсіп	+
2	Күріліс (тұрмыстық үй-жайларда байланыс болмаған жағдайда)	+
3	Ауыл және балық шаруашылығы, мал шаруашылығы	+
4	Әуе қатынасы	+
5	Байланыссыз қызметтер (автожуу, автомобильдерді, тұрмыстық техниканы, сағаттарды, телефондарды, компьютерлерді, аяқ киімді жөндеу, тігін ательесі, кір жуу, химиялық тазалау, кілттерді жасау, тұрмыстық үй қағидаты бойынша көрсетілетін қызметтер және т. б.).	+
6	Туристік компаниялар, бизнес орталықтары (сактандыру компаниялары, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг көрсетілетін қызметтері, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктер, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары, айырбастау пункттері, ломбардтар және т. б.)	+
7	Гүл дүкендері, фотосалондар	+
8	Медициналық ұйымдар, дәріханалар	+
9	Музейлер, кітапханалар	+
10	Азық-тұлік дүкендері, шағын маркеттер	+
11	Балалардың түзету кабинеттері, балалар мен ересектердің білім беру орталықтары	топты 15 адамнан артық толтырмаған кезде, алдын ала жазылу бойынша
12	Сұлулық орталықтары мен салондары, шаштараздар, маникюр мен педикюр қызметтері, косметологиялық қызмет көрсететін орындар (жазылу бойынша)	+
13	Супермаркеттер, гипермаркеттер	+
14	Халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы ұйымдар (қонақ үйлер, отельдер, санаторий-курорттық ұйымдар, демалыс үйлері/базалары, туристік базалар және т. б.)	+
15	Ашық базарлар (азық-тұлік, азық-тұлік емес)	+
16	Қоғамдық тамақтану объектілері және фудкорт (тек жеткізуге және әкетуге)	+
17	Медициналық орталықтар, кабинеттер, стоматология (жазылу бойынша)	алдын ала жазылу бойынша
18	Қоғамдық көлік	(карбалас уақытта автобустар санын көбейту, барлық

		есіктерді ашу, отыратын орындар саны бойынша толтыру)
19	Банктер, ХҚКО, «Қазпочта» АҚ бөлімшелері	уақыт бойынша шектеумен 9.00-ден 18.00-ге дейін ✓
20	Мектепке дейінгі мекемелер	25 адамнан аспайтын топтарды жинақтау сакталған кезде кезекші топтар ✓
21	Үйымдар, оғистер	50 %-кашықтыктан, 50%- күндізгі режим ✓
22	Діни объектілер	ұжымдық іс-шараларды өткізбей ✓
23	Қоғамдық тамақтану объектілері (үй-жайда)	толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай сағат 7-ден 24-ке дейін жұмыс істеуге рұқсат
24	Азық-түлік емес дүкендер (жеке тұрган)	+
25	Моншалар	+
26	Саunalар	(жексенбіден басқа) ✓
27	СПА-орталықтар, бассейндер	+
28	Жабық базарлар (азық-түлік және азық-түлік емес)	+
29	Қала маңындағы жолаушылар поездарының (электричкалардың) қозғалысы	✓ ортақ вагондарсыз
30	Жолаушылар поездарының қозғалысы	✓ ортақ вагондарсыз
31	Қалааралық/облысаралық тұрақты автобустардың (шагын автобустардың) қозғалысы	+
32	Спорт кешендері, спорттық сауықтыру орталықтары және фитнес-орталықтар	+
33	СОО, сауда үйлері, сауда желілери	+
34	Мәдениет объектілері (дайындық)	✓ 30 адамға дейін

35	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары	✓ толтырылуы 20%-дан артық емес
36	Облысаралық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	✓ толтырылуы 75%, бірақ 15 адамнан артық емес
37	Калалық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	✓ толтырылуы 75%, бірақ 15 адамнан артық емес
38	Бильярд	-
39	Компьютерлік клубтар	-
40	Боулинг	-
41	Цирктер	-
42	Балалардың ойын-сауық орталықтары (ойын алаңдары, жабық үй-жайлардағы аттракциондар)	-
43	Көкремендермен спорттық іс-шараларды өткізу	-
44	Ас беруді өткізу	-
45	Банкет залдары	-
46	Тұнгі және ойын клубтары, караоке	-
47	Ойын-сауық, бұқаралық іс-шаралар, көрмелер, конференциялар, форумдар, отбасылық, естелік іс-шаралар	-

«+» - қызметтіне рұқсат етілген;

«✓» - қызметтіне ішінара (шектеулермен) рұқсат етілген;

«-» - қызметтіне тыйым салынған.»;